

Саясат маған не береді?

Саясат адам қоғамын дамытуға алып келеді десек болады. Себебі, адам үнемі қоғамның ортасында жүргендіктен, саясаттағы жеке тұлғаның рөлі мен саяси өмірі әрқашан қоғаммен тығыз байланыста. Ол адамдармен араласу, өз мүддесін қорғау, мінез құлықты көрсету, психологиялық қысым, заңдылықтар мен адам миландыру, жауапкершілік, дін және т.б. Мысалы, дінді алатын болсақ, ол саяси өмірде өте маңызды рөл атқарады. Әртүрлі діни ұйымдар топтасып, адмдарды іс-әрекеттерге алып келеді. Ал ол белгілі бір күшке айналып, жағымды болсын не жағымсыз болсын, қоғамға өзінің ықпалын тигізеді.

„Саясат маған не береді?“ деген сұраққа тікелей жауап берудің өзі, біздің психологиялық тұрғымызды түрте бастайды. Өйткені біз не айтсақ дұрыс немесе несі бұрыс деп лезде ойланып, іздене бастаймыз. Сабақ барысында көбісі: ақша, жұмыс, жағдай жасап береді деген жауап беріп жатқандары болды. Иә, әрине онымен келіспеймін емес келісемін. Бірақ одан бірінші, саясат жеке тұлғаның осы қоғамда өзінің рөлі қандай екенін, оның қандай іске деген шамасын, рухани байлығын, интеллигенциясын және т.б. мінезін білуге мүмкіндік береді деп ойлаймын. Яғни, мемлекеттің ішінде болып жатқан жүйелер сенің болашағыңа тікелей әсерін тигізеді. Сен ертең қандай білім алуың, қандай жұмысқа тұруың, қанда қоғам ортасында жүруің, қандай киім киіп шығуың, әлеуметтік желіге не жариялағаныңның бәрі саясатқа тән.

Жалпы ойымды қорытындылай келсем, осы қойылған сұраққа қайтарылатын жауап өте көп. Себебі, бұл жүйе әрі қарай дамытылады, әлі одан да көп әр мемлекетте қоғам мен саяси билікті жүзеге асыратын ұйымдар мен топтар құрылады. Әрине, соған сәйкес саясаттың адам өміріне беретін пайдалы ілімдері арта түседі.